

Павлодар облысы бойынша жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдалану үшін 2011 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 322/29 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 27 желтоқсанда N 3179 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық мәслихаты аппарат басшысының 2014 жылғы 03 қыркүйектегі N 1-11/560 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық мәслихаты аппарат басшысының 03.09.2014 N 1-11/560 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 487-бабына және 2003 жылғы 9 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Су кодексі" 38-бабының 5) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы бойынша жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдалану үшін 2011 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

Р. Гайнулин

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының
(IV сайланған XXIX сессия)
2010 жылғы 13 желтоқсандағы
N 322 / 29 шешіміне
қосымша

Павлодар облысы бойынша жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдалану үшін 2011 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері

Р/с N	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Мөлшерлемелер
-------	-----------------------------	---------------	---------------

теңге	тиын			
1	2	3	4	5
1	Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер	текше метр		7,38
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса алғанда (өндірістік қажеттіліктер)	текше метр		21,21
3	Ауыл шаруашылығы	текше метр		5,98
4	Су көздерінің суын пайдаланатын тоған шаруашылықтары	текше метр		5,98
5	Су көздерінің суын пайдаланбай тоғандарда балық өсірумен айналысатын балық шаруашылықтары	өнімнің тоннасы	150,0	
6	Су көліктері	т.км		0,82

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК